

"Жинақтаушы зейнетақы қорларының іс-әрекеті қорытындысын жариялау Ережелерін" бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 29 маусымдағы N 63-Ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 1 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1609. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 149 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы N 136-1 "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңының 4 тармағының 39 бабына сәйкес, жинақтаушы зейнетақы қорларының іс-әрекетінің айқындығын жоғарлатуды қамтамасыз ету мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қосымшадағы "Жинақтаушы зейнетақы қорларының іс-әрекеті қорытындысын жариялау Ережелері" бекітілсін.
2. Заң бөлімі (Қ.Қ. Қамали) осы бұйрықты белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін.
3. Бұйрық мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап енгізілсін.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау М и н и с т р л і г і н ің
ж и н а қ т а у ш ы з е й н е т а қ ы
қорларының қызметін реттеу
жөніндегі К о м и т е т і м е н
Б Е К І Т І Л Г Е Н

N 63-Ө 29 маусым 2001 жыл

**Жинақтаушы зейнетақы қорларының іс-әрекеті
қорытындысын жариялау Ережелері**

1. Жалпы ережелер

Іс жүзіндегі Ережелері Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы N 136-І "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңына сәйкес әзірленген және жинақтаушы зейнетақы қорларының іс-әрекеті қорытындысын жариялау тәртібі мен мерзімдеріне қойылатын талаптарды куәландыратын құжаттарды анықтайды (бұдан былай - Қор).

**2. Жинақтаушы зейнетақы қорларына
шағымдық шаралар қолданған жағдайда
жарияланымға қойылатын талаптар**

1. Осы Ережемен белгіленген тәртіпте, Қор бұқаралық ақпарат құралдарында - екіден кем емес мемлекеттік және орыс тілдеріндегі баспаларда, қордың зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін атқару лицензиясы тоқтатылғандығы, жаңғыртылғандығы немесе қайтарылғандығы туралы ақпараттауға міндетті.

2. Қызмет нәтижесін жариялау мақсатында - Қордың іс-әрекетінің айқындығын көрсету.

3. Жарияланатын ақпарат

3. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін атқару лицензиясы тоқтатылғандығы туралы Қор, 10 күнтізбелік күн аралығында бұқаралық ақпарат құралдарында Комитет бұйрығының күні мен нөмірін және лицензиясы тоқтатылған себебі көрсетілген мерзімін ақпараттауға міндетті. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін атқару лицензиясы жаңғыртылған жағдайда да, Қор 10 күнтізбелік күн аралығында бұқаралық ақпарат құралдарында Комитет бұйрығының күні мен нөмірін көрсетуге міндетті. Жарияланатын мәліметтер Комитетке жариялауға 5 күн қалғаннан кешіктірмей тапсырылуға тиісті.

4. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін атқару лицензиясы қайтарылып алынған жағдайда, Қор 5 күнтізбелік күн ішінде, бұқаралық ақпарат құралдарында Комитет бұйрығының күні мен нөмірін және лицензиясы қайтарылған себебін ақпараттауға міндетті.

5. Комитет бекіткен тізім бойынша міндетті түрде жарияланатын ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады.

4. Қорытынды ережелер

6. Комитет жариялауға ұсынылған мәліметтерді тексергеннен кейін, Қорға жазбаша түрде жариялауға рұқсат береді.

7. Міндетті ақпаратты жариялағаннан кейін, Қор Комитетке 10 күнтізбелік күн ішінде жарияланған мәліметтердің сәуле көшірмесін тапсыруға міндетті.

8. Комитет Қордан ақиқатқа сыймайтын мәліметтер мен құжаттарды өзгертуді талап етуге құқылы.

9. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Төраға

